

6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша  
PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Сорокина Юлия Владимировнаның  
**«Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері  
потенциалды мәдени мұра ретінде»**  
докторлық диссертациясына  
**АҢДАТПА**

Белгілі бір тарихи дәуірде өзекті болған өнер сол дәуірдің тарихи, саяси, экономикалық, этикалық және эстетикалық ерекшеліктерін, яғни адамзат өмірінің көптүрлі спектрін көрсетеді. Сондықтан да әрбір дәуір тек қана қолда бар тарихи, ғылыми деректермен ғана емес, белгілі бір көркем мұраға кіретін артефактілермен де бағаланады.

**Зерттеу өзектілігі**

Орталық Азия өңірінің contemporary art немесе заманауи өнер тәжірибесін әлемдік көркем үрдістің ажырамас бөлігі ретінде және заманына сай өнер ретінде қарау керек. Демек, оны біздің аймақтың, тіпті жалпы адамзаттың потенциалды мәдени мұрасы деп айтуға болады, сондай-ақ аталмыш мұраны сақтау жолын да белгілеу маңызды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, сандық мұрағаттау маңызды әлемдік мұрағаттарда ең озық технология болып табылады. Қазақстан мен Орталық Азия елдері өз потенциалын қазіргі заманғы мұраны сандық мұрағаттауда пайдалана алады.

**Зерттеу нысаны** – Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері потенциалды мұра және сандық мұрағаттау, оның әлемдік трендтерінің astralnoms.net әдістері арқылы өнертанушылық сандық онлайн мұрағат құрудың негізі ретінде.

**Зерттеу пәні** – Сандық мұрағаттаудағы шығармашылықтың философиялық және тұлғалық контесіндегі Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнерінің тарихи артефактілері.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнерін потенциалды мәдени мұра ретінде сандық тарихта орнықтыруды белгілеу.

**Зерттеу гипотезасы**

Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері, оны тиісті түрде сақтаса, атрибуттесе, бірақ, ең алдымен, заманауи артефактілермен жұмыс жасау тетіктері әлі қалыптаспаған аталмыш аймақта оны өнер тарихының бағалы бөлшегі ретінде конституцияласа мәдени мұраға айналады.

**Зерттеу міндеттері:**

- қазіргі кездегі терминология деңгейінің жай-күйін зерделеу және әлемдік контексте Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты заманауи өнер мен потенциалды мұра ұғымдарын нақтылау;

- заманауи өнердің тарихи, теориялық және тәжірибелік аспектілерінің шеңберін жергілікті дискурсқа байланыстыра қарастыру;

- Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнері пайда болуының тарихи алғышарттарын, оның тіршілік ету тетіктері мен ерекшеліктерін жалпыәлемдік мәдениеттүзуші үрдістер контексінде зерттеу;

- аталған аймақтың contemporary art суретшілерінің шығармашылық ізденіс нәтижелерін жүйелеу және артефактілерге кешенді талдау жүргізу;

- мұрағаттау және сандық мұрағаттау көмегімен қазіргі заман мұраларын сақтаудың инновациялық әдістерін зерделеу;

- Қазақстан мен Орталық Азиядағы заманауи мәдени мұраларды айқындау және сақтауға қатысты ережелерге талдау жасау;

- Қазақстан мен Орталық Азия жағдайында заманауи өнерді мұрағаттаудың халықаралық қағидаларын қолдану.

### **Зерттелу дәрежесі**

XX-XXI ғасыр басындағы шетелдік философия, мәдениеттану және эстетикада заманауи өнер феномені мен мәнін пайымдау мәселелерін шешумен гуманитарлық ой өкілдері, атап айтқанда Ф.Ницше, З.Фрейд, Э.Гуссерль, М.Хайдеггер, Х.-Г.Гадамер, Х.Ортега-и-Гассет, Ж.-Ф.Лиотар, Р.Барт, К.Леви-Строс, М.Фуко, Ж. Делез, Ж.Бодрияр, Ж.Деррида, У.Эко, Т.Адорно, П.Бурдьё, Д.Агамбен, О.Б.Олива, Ж.Рансьер, С.Жижек, Б.Гройс, В.Подорога, Розалин Краус, К.Лиссман, П.Мишра, Т.Смит, А.Аппадурай, Катарин Давид, Окви Энвейзор, К.Кристоф-Бакарджиев және т.б. жұмыс істеді.

Кеңестік және посткеңестік өнерге арналған зерттеулердегі жаңа талдамалық тәсілдер Д.Сарабьянов, В.Мизиано, Е.Дёготь, А.Фоменко, М.Глостанова, Е.Трубина және т.б. авторлардың жұмыстарында көрініс тапқан.

Қазақстан мен Орталық Азияда заманауи өнер негіздерін теориялық талдауды А.Наурызбаева, Б.Нуржанов, К.Халыков секілді философтар әзірледі. Заманауи өнер шығармаларын талдауды А.Кодар, Б.Барманкулова, К.Ли, З.Ержан, В.Ибраева, Д.Шарипова, Х.Труспекова, И.Юферова, Е.Малиновская, Ж.Баймухамедов, О.Шаталова, Н.Еженова, А.Галимжанова, Н.Ахмедова, К.Акилова, Ж.Боконбаев, Е.Резникова, С.Кобжанова, А.Улько, Ю.Сорокина жүргізді.

Отандық және шетелдік еңбектерді талдау зерттеу тақырыбының зерттелу дәрежесі әлі де жеткіліксіз екендігін, сонымен қатар біздің заманымыздың өнертануы үшін оның теориялық және тәжірибелік деңгейінің жауап бермейтінін куәландырады.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу жұмысының тәжірибелік жағын зерттеліп отырған тақырып аясында нақты материал жинақтау, арт-институциялар мен олардың мұрағаттарын зерделеу және қадағалау, көркем үрдіске қатысушылармен сұхбат өткізу, сандық мұрағат жүргізу құрайды.

Зерттеудің теориялық жағында жинақталған материал талданды және жиынтықталды. Артефактілерді талдауда *компаративті талдаудың* кешенді әдістемесін беретін салыстырмалы тәсіл; Э.Пановскийдің *иконологиялық әдісі*, Г.Вельфлин құрастырған *формальды-стилистикалық талдау әдісі*; эпистемологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік берген Э.Маркарянның *мәдени-генетикалық теориясы* мен *традициология* әдістері таңдалып алынды.

және пайдаланылды, сондай-ақ *metadata* мен *XML* тілінде программалау арқылы ақпаратты ресімдеудің практикалық әдістері қолданылды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы**

Аталған диссертацияда жаңалық мәртебесіне ие бірқатар нәтижелер алынды:

1) халықаралық және жергілікті контексте contemporary art және потенциалды мұра ұғымдары зерттелді, талданды және нақтыланды;

2) заманауи өнер дамуының тарихи және онтологиялық үрдісі кеңістіктік-уақыттық қатынастардың жаһанданған жүйесінде қарастырылды;

3) Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнері пайда болуының тарихи алғышарттары зерттелді және тәуелсіздік жылдарындағы даму жолы айқындалды;

4) Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнерінің құрылымы мен факторлары анықталды; олардың негізгі шығармалары атрибуттелді және шығармашылық ізденістердің бағыттары жүйеленді;

5) халықаралық және жергілікті контексте жаңа медиа және сандық технологияларды қолдану үрдісінде мұрағаттарды жасау мен заманауи өнер нысандарын сақтау ерекшеліктері зерттелді;

6) Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи мәдени мұрасын сақтау қағидалары мен ресурстары талданып көрсетілді;

7) *Astral Nomads* сандық мұрағаты және жылжымалы виртуалды мұражай базасында Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнерін сандық мұрағаттау әдістері әзірленіп енгізілді.

### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1) *Потенциалды мұра* термині тақырыптық мәселелердің күрделілігіне байланысты көпшіліктің мойындауына дейін адамзаттың интеллектуалдық қазынасына жатады. *Контемпорари арт/ заманауи өнер* термині қоршаған шындықтағы өнер нысандарын мәтіннен контекске алмастыратын және сыни дискурс арқасында потенциалды мұра болып қалыптасатын дискурсивті тәжірибе ретінде түсінікті болуы және пайдаланылуы мүмкін.

2) Халықаралық заманауи өнер XX ғасырдың ортасынан бастап саналады және *жергілікті жаңашылдықтың* түрін келтіре отырып, *глокалды*, яғни жаһандық және жергілікті сипатқа ие болып табылады.

3) Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері жергілікті жаңашылдықтың нұсқасы бола тұра дүниежүзілік мәдени-философиялық парадигмалар шеңберінде қалыптасты және дамып келеді.

4) Қазақстан мен Орталық Азияның контемпорари арт/заманауи өнері халықаралық танылған феномен, ол аймақ өмірінің бүкіл контекстуалды шеңберін көрсетеді және өзектілендіреді, ол өз кезегінде көркем тәжірибеге потенциалды мұраны белгілеуге мүмкіндік береді.

5) Бүгінгі таңдағы сандық мұрағаттау әдіснамасы қазіргі заманғы мәдени мұраны қалыптастыру мен сақтау ісінде көш бастап келеді.

6) Сандық мұрағат мәдени мұраны сақтаудың инновациялық түрі ретінде қазіргі заман жағдайында өнер нысандарын жинау және сақтау үшін ыңғайлы

екендігіне қарамастан Қазақстан мен Орталық Азия аумағында жеткіліксіз дамытылған.

7) *Astral Nomads* мұрағатының эксперименттік жобасы көрсеткендей, сандық мұрағаттаудың халықаралық қағидалары мен стандарттары Қазақстан мен Орталық Азияның потенциалды және маңызды мәдени мұраларын сақтау әдіснамасына енгізілуі мүмкін және ендірілуі тиіс.

### **Жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы**

Зерттелген материалдар пәнаралық сипатымен ерекшеленеді және гуманитарлық қызметтің әртүрлі салаларындағы кәсіпқойлар тәжірибесінде – мұражайлар, галереялар, кітапханалар, университеттер, мұрағаттар, қор сақтау қоймаларында, көрмелерде және конференцияларда қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері білім беру бағдарламалары мен біліктілік стандарттарын әзірлеу, Қазақстан мен Орталық Азия, басқа да аумақтың заманауи өнерін сандық мұрағаттау бойынша әдістемелік материалдар, оқу құралдарын жазу, арнайы курстар үшін негіз болуы мүмкін.

### **Зерттеудің сыннан өтуі**

*Astral Nomads* <http://astralnomads.net/> сандық мұрағаттау авторлық жобасы жылжымалы виртуалды мұражай ретінде *Дубовый саябағындағы АШ Қырғызстан Галереясының* көрме залында (Бішкек, 2015 ж.) және ҚР Ұлттық музейінде «*Взгляд в будущее: актуальное наследие*» көрмесі аясында (Астана, 2016) жұмыс үрдісіне енгізілді. Экспозиция Невзоровтар ат. Мұражайда (Семей, 2016) көрсетілді.

Диссертациялық зерттеудің жекелеген мәселелері диссертация авторы тәлімгердің немесе қатысушының рөлінде болған заманауи өнерге арналған халықаралық және республикалық көрмелерде көрініс тапты.

Зерттеу материалдары бойынша мақалалар республикалық ғылыми басылымдарда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда, шетелдік ғылыми журналдар мен жинақтарда, Scopus және Thomson Reuters' Arts & Humanities Citation Index деректер қорына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған.

**Диссертациялық жұмыс құрылымы.** Зерттеу мақсаты мен алға қойылған міндеттері диссертация құрылымын айқындап берді. Диссертация алдын ала бөлімдер: белгілер мен қысқартулар және анықтамалардан; кіріспе, үш негізгі тарау мен 7 тараушадан және 2-тармақтан: қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Мәтіннің көлемі ....бет, пайдаланылған әдебиеттер тізімі .... атаудан тұрады, қосымша ақ-қара суреттерді, EXCEL форматындағы кестелерді, жеке бірегей код берілген метадатаны қамтиды.

### **Жұмыстың негізгі мазмұны**

**Кіріспеде** зерттеу бағытын таңдау, тақырыптың өзектілігі негізделеді, зерттеудің нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері анықталады; тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі бағаланады, зерттеудің әдіснамалық қағидалары баяндалады, тақырыптың ғылыми жаңалығының аспектілері анықталады және қорғауға шығарылатын тұжырымдар көрсетіледі.

**«Потенциалды мәдени мұра контексіндегі өнер»** тақырыбындағы бірінші тарау қазіргі заманғы мұраларды пайымдау және сақтауға қатысты теориялық мәселелерді қарастыруға, сондай-ақ мұралармен тәжірибелік жұмыс әдістеріне, жаңа өнердің пайда болуына негіз болған тарихи оқиғалар мен философиялық көзқарастарға арналды. Тарау екі тараушадан тұрады. **«Мәдени мұра және потенциалды мәдени мұра ұғымдарын түсіндіру спектрі»** тараушасында өзекті және потенциалды мұра түсініктерін талдау тәсілдері беріледі. **«XX ғ. екінші жартысы - XXI ғ. басындағы бейнелеу өнері дамуының тарихи, теориялық және тәжірибелік аспектілері»** атты екінші тараушада қазіргі заманғы өнер ұғымын түсіндіру тәсілдерінің спектрін ашады.

**«Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері әлемдік үдерістер контексінде»** тақырыбындағы екінші тарау екі тармақшадан тұратын екі тараушадан тұрады және онда өзекті халықаралық мәдениет парадигмасы контексіндегі Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнерінің қалыптасуы мен даму барысы баяндалады. **«Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнері: алғышарттары, ізбасарлары мен алғашқы қарлығаштары»** бірінші тараушасында аталмыш аймақтағы заманауи өнер қалыптасуы алғышарттарының тарихи картинасы беріледі, негізін салушылар: В.Стерлигов, С.Калмыков, А.Николаев, И.Савицкий тағдыры қарастырылады. **«Қазақстандық заманауи өнердің миф жасаушылары, патриархтары мен глокалды суретшілері»** атты бірінші тармақшасында қазақстандық заманауи өнер жасаушыларының негізгі есімдері талданған. **«Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстандағы арт-сахнасының даму ерекшеліктері»** екінші тармақшасында өңірлік заманауи өнердің басты қайраткерлері қарастырылған. **«Қазақстан мен Орталық Азия заманауи өнерінің жас суретшілері: көркем ишара мектебі»** тақырыбындағы екінші тараушада Қазақстан мен Орталық Азия болашақ ұрпағының перспективалық суретшілері және олармен жұмыс істеу тәжірибесі сипатталады.

**«Потенциалды мәдени мұраны қалыптастыру және әлемдік контекстегі сандық мұрағаттау»** атты үшінші тарау әлемдік және Орталық Азия контексіндегі мәдени мұрамен тәжірибелік жұмыс әдістерін қарастырады және үш тараушадан тұрады. **«Мәдени мұра нысандарын атрибуттеу және сақтаудың әдіснамалық тәсілдері: әлемдік тәжірибе»** бірінші тараушасында мәдени мұрамен жұмыстың әртүрлі схемалары талданып, тәсіл түрлері анықталады. **«Әлемдік үдерістер контексіндегі Қазақстан мен Орталық Азия арт-қоймаларының түрлері»** екінші тараушасында сандық қоймалардың өңірлік ресурстары салыстырылып қарастырылады. **«Мәдени мұраны сақтаудың жергілікті түрі: Astral Nomads сандық ресурсы»** үшінші тараушасында Жылжымалы виртуалды мұражай және онлайн режимдегі тәуелсіз мұрағат жұмысының тәжірибесі көрсетілген.

**Қорытындыда** зерттеу қорытындылары жасалады және оның нәтижелерін ары қарайғы пайдалану жөніндегі ұсыныстар баяндалады:

- *Контемпорари арт/ заманауи өнер* термині қоршаған шындықтағы өнер нысандарын мәтіннен контекске алмастыратын потенциалды мұра болып қалыптасатын дискурсивті тәжірибе ретінде түсінікті болуы және

пайдаланылуы мүмкін. Мәдени мұра екіге: өзекті – көпшілікке танылған, түсінікті және менталдық шеңбер беткі қабатында орналасқан; потенциалды – шағын мамандар тобымен түсіндірілетін, «дәуірдің түпкі санасының» түрінде көрінетін ресурстық орталықтарда жинақталатын болып бөлінеді.

- Әлемдік контекстегі заманауи өнер екінші Дүниежүзілік соғыс соңынан бастап дамып, *жергілікті жаңашылдықтың* түрін келтіре отырып, *глокалды*, яғни жаһандық және жергілікті сипатқа ие болып бүгінгі күні жалғасын табуда.

- Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнер тарихы XX ғасырдың соңғы ширегінен бастау алады, бірақ оның пайда болу және даму алғышарттары кеңестік авангард суретшілері негізінде қаланды.

- Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері қазіргі заман мәдениетінде белгілі бір дискурсивті практика немесе стильге қатысты ортақ онтологиялық белгілері бар ерекше феноменалды құбылыс болып табылады.

- Сандық технологиялар дәуірінде мәдени мұраны неғұрлым қалыптастыру және сақтаудың кешенді тәсілі ретінде сандық мұрағаттау және мұрағаттық ресурстарды онлайн Интернет желісінде орналастыру болып табылады.

- Өңірдің кәсіби қоғамдастығының алдында қазіргі заман мұрасын бекіту және сақтау бойынша қоғамдық институттар қалыптастыру сияқты шұғыл міндет тұр.

- Сандық мұрағаттаудың өңірлік қызмет атқаруы Қазақстан мен Орталық Азияның кәсіби көркем қауымдастығына өнер тарихының маңызды бөлігін бекітуге және ақпаратты тек аймақ шегінде ғана емес, сондай-ақ әлемдік кеңістікте таратуға мүмкіндік береді.